

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ
БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ АЛМАТЫ
ҚАЛАСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО-
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
ГОРОДА АЛМАТЫ КОМИТЕТА
САНИТАРНО-ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО
КОНТРОЛЯ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫСЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

30.03.2023 ж.

№ 1

Алматы қаласы

город Алматы

Алматы қаласында қызылшаның
таралуына жол бермеуге
бағытталған эпидемияға қарсы
шараларды күшейту туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 38-бабы 2-тармағының 3) тармақшасы, 102-бабы 1-тармағы негізінде қызылшамен сырқаттанушылықтың өсуіне, халық арасында ауру ошақтарының өршуіне жол бермеу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысына, аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармаларының басшыларына:

1.1. Алматы қаласында қызылшамен сырқаттанушылықты тұрақтандыру жөніндегі 2023-2024 жылдарға арналған профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың кешенді жоспарын орындауды;

1.2. қызылша ауруы (күдік) жағдайларын уақытылы анықтау, тіркеу, есепке алу және шұғыл хабарламаларды жіберу, медициналық ұйымдардың науқастарды қабылдауға, оларды оқшаулауға және оларға жедел мамандандырылған көмек көрсетуге дайындығын;

1.3. аурудың әрбір жағдайы тіркелген кезде Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментіне кезектен тыс мәліметтерді (алдын ала, түпкілікті) ұсына отырып, инфекцияның берілу көзі мен факторын анықтау мақсатында эпидемиологиялық тексеру жүргізуді;

1.4. ауру қоздырғышының көзін, инфекцияның берілу жолдары мен факторларын, науқастың және байланыста болған адамдардың егу мәртебесін анықтау үшін қызылшаға күдікпен ауыратын науқастарға сапалы сауалнама жүргізуді;

1.5. денесінде бөртпелері (күдік) бар науқастарға дифференциалды диагностика жүргізу, оларды оқшаулауды және емдеуді;

1.6. қызылша бойынша байланыста болған адамдарды анықтау және тексеру кезінде ошақтың шекарасын кеңейтуді;

1.7. материалды зертханалық зерттеу үшін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Алматы қаласы бойынша филиалының вирусологиялық зертханасына қызылшамен ауыратын науқастардан материалды (қан, зәр) іріктеу және жеткізуді;

1.9. бейінді мамандарды тарта отырып, ұйымдасқан ұжымдарда қызылшамен ауыратын науқастармен байланыста болғандарды және инфекцияның үй ошақтарынан байланыста болғандарды медициналық бақылауды;

1.10. қызылшаға күдікті науқастарға медициналық көмек көрсету бойынша жедел медициналық жәрдем станцияларының бригадаларын даярлауды;

1.11. қызылшаға күдікті жағдайлар анықталған кезде диагностикалау, медициналық көмек көрсету және іс-қимыл алгоритмі бойынша жедел медициналық, амбулаториялық-емханалық көмектің медициналық қызметкерлерге арналған жадынамалар әзірлеуді қамтамасыз етсін.

2. Алматы қаласы Білім басқармасының басшысына:

2.1. мектепке дейінгі балалар мен жалпы білім беру ұйымдарында қызылша тіркелген жағдайда профилактикалық және эпидемияға қарсы келесідей іс-шаралар кешенін жүргізуді:

- балалар мен мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарына баратын қызметкерлер арасында жұқпалы аурулардың кез келген белгілері бар балалар мен қызметкерлерді шектей отырып, таңертеңгі сүзгі жүргізу (жұтқыншақ пен теріні тексеру, дене температурасын өлшеу);

- соңғы науқас оқшауланған кезден бастап 21 күн ішінде қызылша ауруы тіркелген топқа/сыныпқа жаңа және уақытша болмаған балаларды қабылдауды тоқтату;

- соңғы науқас оқшауланған сәттен бастап 21 күнге қызылша ауруы тіркелген топтан/сыныптан балаларды басқа топқа ауыстыруға жол бермеу;

- мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарындағы жалпы мәдени-бұқаралық іс-шараларға карантиндік топтың/сыныптың қатысуына жол бермеу;

- топтық оқшаулау принципін сақтай отырып учаскеде және топқа оралғанда карантиндік топтың/сыныптың серуендеуін ұйымдастыру;

- соңғы науқасты оқшауланған сәтінен бастап 21 күн ішінде тамақтандыруды ұйымдастыру кезінде карантиндік топтағы/сыныптағы балаларды оқшаулау принципін сақтау;

- топта / сыныпта жиі желдетуді, ылғалды тазалауды, босатуды ұйымдастыру;

- ұйымдасқан ұжымдарда қызылшамен ауыратын адамдармен байланыста болған адамдарды медициналық бақылау;

- балалар мен қызметкерлердің келмеу себептерін анықтай отырып, олардың келуіне күнделікті талдау жүргізу;

- оқушылармен және олардың ата-аналарымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу (ата-аналар жиналыстары, оқушылармен кездесулер, сынып сағаттары және басқалар).

2.2. «Жоспарлы профилактикалық егулер алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидаларын және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 20.12.2020 жылғы № ҚР ДСМ-289/2020 бұйрығын орындауды;

2.3. қызылшаның жағдайлары тіркелген жалпы білім беретін ұйымдарда бұқаралық іс-шараларды онлайн форматқа ауыстыруды, кабинет жүйесін жоюды ұсынуды;

2.4. мектептерде оқу жылы аяқталғанға дейін және 2023 жылғы 30 мамырға дейін мектепке дейінгі балалар мекемелерінде бір үй-жайда және мектепке дейінгі және жалпы білім беру ұйымдарының аумағында балалар мен қызметкерлердің жиналуына жол бермеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ РМК Алматы қаласы бойынша филиалының директоры:

3.1. вирусологиялық зертхананың қызылшаға арналған материалдарды (қан мен зәрді) зерттеуге дайындығын;

3.2. вирусологиялық зертхана базасында қызамықпен дифференциалды диагностикалау мақсатында қызылшаға арналған материалды (қан мен зәрді) ИФА әдісімен зертханалық зерттеу жүргізуді;

3.3. диагностикалық препараттардың тұрақты қоры және пациенттерден вирустық инфекцияларды бақылау жөніндегі ұлттық референс-зертханаға материалдарды жеткізуді;

3.4. қызылша мен қызамықтың күдікті жағдайларын тіркеу кезінде үлгілерді өңірлерден «Инфекциялық аурулармен ауыратын науқастарға қатысты санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» 02.02.2021ж. № ҚР ДСМ-13 бұйрығына сәйкес вирустық инфекцияларды бақылау жөніндегі ұлттық референс-зертханаға қайта тестілеуге жеткізу, оларға қарсы профилактикалық егулер жүргізуді қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық бақылау бөлімі:

4.1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетіне қызылшаның әрбір жағдайына, оларға күдіктенуге немесе өлім-жітімге (алдын ала, түпкілікті) кезектен тыс ақпарат беруді;

4.2. аурушандықты уақтылы есепке алу, талдау және зертханалық зерттеулердің толықтығын қамтамасыз ету мақсатында қызылшамен сырқаттанушылыққа апта сайынғы эпидемиологиялық мониторинг жүргізуді;

4.3. Алматы қаласы денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлері мен Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мамандары үшін қалалық семинар өткізуді;

4.4. қызылшаның алдын алу бойынша бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып, санитариялық-ағарту жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Алматы қаласының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**



Қ. Алпысбайұлы